

Алматы қаласы әкімдігінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2015 жылғы 13 шілдедегі № 3/435 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 2/180 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 маусымда № 1383 болып тіркелді . Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 2/169 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 27.04.2018 № 2/169 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 484 "Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" бұйрығына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2015 жылғы 13 шілдедегі № 3/435 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1191 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 тамызда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақтағы:

қазақ тіліндегі мәтінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздері "Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздеріне ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

аталған қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіндегі:

қазақ тіліндегі мәтінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздері "Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

4 тармақ келесі мазмұндағы 4-1 тармақшамен толықтырылсын:

"4-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі болып табылады.";

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1 қосымшасындағы:

қазақ тіліндегі мәтінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздері "Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" сөздеріне ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Алматы қаласы Қаржы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Ә. Жүнісоваға жүктелсін.

4. Осы "Алматы қаласы әкімдігінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі
айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды
тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан
Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін
бекіту туралы" 2015 жылғы 13 шілдедегі №3/435 қаулысына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы" қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген
күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Байбек